

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 164 (9226) | 1953 жылғы 16 август Жексенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Біздің Отанымыз ешуақытта да кәзірдегідей соншалық ұлы және қуатты өмірлік күштер мен творчестволық жігерге толы болып көрген емес. Оның күштілігі советтік қоғамның моральдік-саяси бірлігінде, халықтарының мызғымас достығында, совет адамдарының жалынды патриотизмінде, олардың Коммунистік партия мен Совет үкметінің төңірегіне тығыз топтасқандығында. Біздің ісіміз жеңілмейді.

Күзгі егісті егуді агротехникалық ережелерге сай өткізейік

Партияның XIX съезінің бесінші бес-жылдық жоспар жөніндегі директиваларында астық мөлшерін 40-50 процент, оның ішінде бидай мөлшерін 55-65 процент арттыру міндеті қойылған. Бұл міндетті жүзеге асыруда күзгі егістің де көлемін ұлғайту, одан алынатын өнімді мөлайту ісінің маңызы ерекше зор.

Облысымызда ауа райының жағдайына қарағанда күзгі егіс егудің ең қолайлы мерзімі — август айы. Демек, бұл айда жерге сіңірілген тұқым тез және біркелкі өсіп, ойдағыдай өнім береді. Сондықтан да колхоздар мен совхоздарда күзгі егісті егу жұмысын сентябрь айына қалдырмай, бұл жөніндегі жоспарды август айында аяқтау үшін күресу керек.

Өткен жылы Петропавл ауданындағы «Красный пахарь» колхозында күзгі егіс агротехникалық ең қолайлы мерзімде егіліп, дәнің өсіп жетілуіне, қоректенуіне қажетті минералдық заттар мен ылғалдың мол сақталуына мүмкіндік жасалды. Осының нәтижесінде бұл колхоз бойынша жаздық егіс пен қатар күздік егістен де мол өнім алуда. Мұнда орта есеппен қара бидайдың әрбір гектарынан 18 центнерден өнім алынды.

Осы сыяқты алдыңғы қағарылардың тәжірибесі күздік егістен тұрақты, әрі мол өнім алу үшін ғылым мен тәжірибе жетістіктерін егіс жұмыстарында мұқият қолданудың маңызы ерекше күшті екендігін дәлелдеп келеді. Күздік егісті кезінде егу — егіннен мол өнім алудың алғашқы қадамы. Сондықтан бұл жұмыста озат агротехниканы жете пайдалану керек. Ол үшін бұл іске тыңғылықты әзірлену қажет. Күздік егісті егу облысымызда ауыл шаруашылығының басқа да жауапты жұмыстарымен — егін жыйнау, тұқым қорық, жемлеу, мемлекетке астық тапсыру, жемшөп дайындау, зыб жырты жұмыстарымен ұштастырыла жүргізіледі. Мұның өзі колхоз, совхоз, МТС басшыларынан, ауыл шаруашылығы және дайындау орындарының қызметкерлерінен бұл жұмысты оперативті, әрі ұйымшылдықпен жүргізуді талап етеді.

тұқымдық дәнді дайындау пункттерінен қарызға алуға рұқсат етілді. Бірақ ауданның бірде-бір колхозы бұл іске кіріспей отыр.

Жекелеген колхоздарда қолда бар тұқымдық дәнді шығымдылық дәрежеге жеткізу ісі кешеуілдетілуде. Кониюхов ауданындағы Каганович атындағы колхозда төрт жүз центнер тұқымдық дән тазартылмай қырманда жатыр. Колхоз басшылары бұл жұмысты ұйымдастырудың уақыты жетсе де бұған жеткілікті мән бермей келеді.

Ал, облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасы мен аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімдерінің басшылары және агрономдар күздік егісті егуді тікелей өздері басқара алмай отыр. Олар осы маңызды іске жалпылама басшылық жасаумен ғана тынып, колхоздардағы нақтылы жағдайды жете білмейді.

Күзгі егісті егудің алғашқы күндерінде кездескен кемшіліктерді іс үстінде жою керек. Бұл істе агрономдар зор роль атқарады. Олар егіске тұқымды іріктен алу, жерге ең өнімді өсімтал деген дәнді сіңірілуін қамтамасыз етуге тиіс. Егіске сапалы тұқым әзірлеу үшін тұқымдық үлгі-төктердің егін орын, бастыруды тездету қажет. Күздік егіске арналған тұқымды мұқият жұмыстан, оны өнгіштік санаға жеткізу керек.

Күздік егіс егуде тағы бір көңіл бөлетін мәселе — пардың қандай дәрежеде өкендігін біліп, қажет болған жағдайда оны қайтадан өңдеу. Бұл іске, әсіресе, агрономдар басшылық етуге міндетті. Міне, сонда ғана күздік егісті тек таза парға себуге жетісуге болады.

Күздік егіс егуді егін жыйнау, астық дайындау және тағы басқа ауылшаруашылық жұмыстарымен ұштастыра, еселеген қарқынмен жүргізу үшін әрбір колхоз бен МТС-ке және совхозға нақтылы басшылық ету керек. Бұл егіске арналып бөлінген күш көлігі және машиналар өнімді пайдаланылатын болсын.

Күздік егісті себуге агротехникалық

ССРО Жоғарғы Советі Бесінші сессиясының қарарлары облыс еңбекшілерін жаңа табыстарға жігерлендіруде

Туған Отанымыз көркейіп, нығая берсін

Бұл күндері еліміздің басқа кәсіпорындары сыяқты қаладағы нан комбинатының коллективі ССРО Жоғарғы Советінің Бесінші сессиясының материалдары мен ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сессияның қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзін асқан зор ынтамен оқып үйренуде. Үгітшілер мен насихатшылар цехтарда және құрылысшылар арасында күн сайын сессия материалдарына арналған әңгімелер өткізіп, дауыстап газет оқуды ұйымдастырып жүр.

Үгітші Т. Руденко жолдас комсомол-жастар бригадасында өткізген әңгімесінде былай деді:

—Коммунистік партия елімізге барлық жағынан іркіліссіз басшылық жасап, совет халқының мәдени-тұрмыс дәрежесін жақартып, оны коммунизмнің сәулетті шыңына бастап келеді. ССРО Жоғарғы Советінің сессиясында 1953 жылдың бюджеті туралы қабылданған Заң—халқымыздың әл-ауқатын онан сайын жақартып, туған Отанымызды көркейтп, нығайта береді. Жұмыстың қай саласында болсын Коммунистік партияның жауынгер көмекшісі болып, мемлекеттік жоспар мен алған социалистік міндеттемелерді деркезінде орындау — комсомолецтердің және комсомолда жоқ жастардың айыбы міндеті. Бұл міндетті аброймен орындауымыз қажет.

—Сессияда бірқатар өнеркәсіп орындарының өнімін өзіндік құнын кеміту үшін күреспей отырғаны атап көрсетілді. Мұндай кемшіліктер біздің заводта да бар,—деді мінсіз сапалы өнім шығару бригадасының бригадирі Белоусов жолдас,—біз шығаратын өнімнің сапалы болуы үшін ғана емес, сонымен бірге оның өзіндік бағасының кемуі үшін де күресуіміз керек. Бұл міндетті аброймен орындау — әр жұмысшының ардақты борышы болып табы-



Петропавлдың тігін фабрикасының жұмысшы-қызметкерлер коллективі ССРО Жоғарғы Советі V-сессиясының материалдарын зор ынта-жігермен оқып үйренуде.

СУРЕТТЕ: 3-цехтың жұмысшысы В. Русакова фабрика жұмысшыларына ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сөзін оқып тұр.

Егін жыйнау мен астық дайындауды табысты аяқтаймыз

Ақмоалықтар республиканың ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне жазған үндеуінде егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алуға, астық дайындау жоспарын ойдағыдай орындауға шақырды. Совхоз коллективі олардың бұл бастамасын қызу қолдап, егін жыйнау мен астық дайындауды 1 сентябрьге дейін толық аяқтауға міндеттенді. Коллектив алған міндеттемені жүзеге асыру жолындағы күресті барған сайын өрістете түсуде.

Совхозда барлық егін комбайн агрегаттарымен жыйналады. Бұл комбайндардың жұмыс өнімділігін арттыруды талап етеді. Мұны және тусінен комбайншылар жү-

егін жыйнауға тек қана сапалы жөнделген комбайндарды қосты. Кәзір комбайндарға техникалық күтім белгіленген график бойынша жүргізіледі.

Совхоздың астық қырмандарында астықты тазалау, кештіру және комбайндардан астық қабылдау жұмыстары механика күшімен атқарылады. Комбайндардан қырмандарға астық автомашинамен тасылды. Бұл жұмыста шоферлар Шилкин, Фитерер, Лукьянов жолдастар қажырлықпен еңбек етіп жүр.

Астық тазалауда екі «Зерноуль» пен 6 сортирова жұмыс істейді. Жұмысшылар Белова, Никель, Юфман жолдастар

Колхозшы шаруалардың серті

Колхозда қайнаған еңбек, гүлдеген өмір. Егіс даласында көптеген комбайндар мен тракторлар және басқа күрделі ауылшаруашылық машиналары жұмыс істейді. Соңғы жылдары ауылшаруашылық дақылдарының өнімдері өселеп артты. Осы сыяқты, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде колхоздың табысы аз емес. Колхоз дәулетінің жыл санап молаюына байланысты колхозшы шаруалардың материалдық және мәдени тұрмысы барған сайын жақсара түсуде.

Олар еңбек күндеріне көптеп заттай және ақшадай ақы алады. Деревняда жетікылдық мектеп, радио, телефон, оқу үйі бар. ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарлары мен Г. М. Маленков жолдастың Одақ Советі мен Ұлттар Советінің бірлескен мәжілісінде сөйлеген сөзі колхозды онан әрі нығайтудың, колхозшы шаруалардың материалдық және мәдени тұрмысын арттыра берудің тамаша перспективасын ашып берді.

Кәзір егіс бригадалары мен мал фермаларында және басқа жұмыс учасқтерінде ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының материалдарын талқылауға арналған әңгімелер, жыйналыстар өтуде. Колхозшы шаруалар сессияның қарарларын зор қуанышпен қарсы алып, партиямыз бен үкметіміздің қамқорлығына шексіз алғыс айтады.

—Коммунистік партия мен Совет Үкметі,—деді бригадир Севинский жолдас жыйналыста сөйлеген сөзінде,—халықтың бейбіт өмірін онан әрі гүлдендіріп, Отанымыздың қуатын арттыра беру жөніндегі саясатын табандылықпен жүзеге асыруда. Біз, колхозшы шаруалар, партия мен туысқан үкметіміздің қамқорлығына қоғамдық дәулетті өркендете беруден жауап береміз.

Б. ЖАҒЫПАРОВ.
Булаев ауданы, «Гигант» колхозы.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары бұл жұмысқа тыңғылықты әзірленіп, оны ойдағыдай жүргізуде. Мәселен, Полудень, ауданындағы Аманкелді атындағы, Петропавл ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздар мен Торангүл, Киров атындағы совхоздар күздік егісті тек ғана ерте жыртылған қара парға себуде. Бұларда күздік егіс егілетін пар культивацияланып, арам шөптерден тазартылған. Механизаторлар тракторлар мен тұқым сеңкіштерді бұл жұмысқа күні бұрын әзірледі. Аталған колхоздар мен совхоздарда қажетті тұқым қоры шығымдылық дәрежеге жеткізілген.

Облысымызда күздік егісті егу 10 августта басталу керек еді. Осыған қарамастан көпшілік колхоздар мен совхоздарда күздік егісті егу жұмысы мүлдем қанағаттанғысыз жүргізіліп отыр. Кейбір жерлерде күздік егісті егуге әзірліктің барысы да аяқталған жоқ. Мәселен, Совет ауданының «Новый быт», Молозов атындағы, Ленин ауданының «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында күздік егіс себуге қажетті тұқымдар әлі күнге дейін әзірленбеген. Ал, Булаев ауданының колхоздарында күздік егіс егуге жетіспейтін

ережелердің дұрыс сақталуына жетпей қажет. Агротехникалық шаралар ойдағыдай жүзеге асырылып, оның ережесі қатаң сақталған жағдайда ғана келесі жылы күздік егістен мол өнім алуға болатындығын естен шығаруға болмайды. Агрономдар жерге өңіштігі жақсы тұқымның дұрыс сіңірілуін, тұқымды тек тарқатарлы әдіспен себуге ұйымдастыра білулері қажет.

Күздік егіс егу — ауыл шаруашылығының басқа да жұмыстарымен қатар ауыл-село еңбекшілерінің алдында тұрған айбынды міндеттердің бірі. Сондықтан бұл жөніндегі жоспарды мінсіз орындау үшін жұмыс алғашқы күндерден бастап қызу қарқымен жүргізілуі тиіс.

Облысымызда күзгі егісті кезінде егіп, келесі жылы бұл егіннен мол өнім алуға қажетті күш- мүмкіншіліктердің барлығы да бар. Мәселе күзгі егісті егуді агротехникалық ережелерге сай өткізуде болып отыр.

Күзгі егісті ең қолайлы мерзімде өткізіп, келесі жылы егіннен мол өнім алуды қамтамасыз ету — облыс егіншілерінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып есептеледі.

М. Ф. Шкирятов жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

М. Ф. Шкирятов жолдастың туғанына 70 жыл толуына байланысты және оның Совет Одағының Коммунистік партиясы мен Совет мемлекетінің алдында сіңірген еңбектері еске алынып, Максим Федорович Шкирятов жолдас ЛЕНИН орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Н. ВОРОШИЛОВ.**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары, **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль 14 август, 1953 жыл.

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінен, Министрлер Советінен және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумынан

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, Министрлер Советі және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1953 жылғы 14 августа ұзаққа созылған және ауыр науқастан кейін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің

депутаты, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары, Совет Одағының Коммунистік партиясының қарт мүшесі Әліби Тоғыжанұлы Жангелдиннің қайтыс болғанын қатты қайғырып хабарлайды.

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті,

Қазақ ССР Министрлер Советі,

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы.

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИ МЕН ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТИНДЕ

Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті қаулы етті:

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасары Ә. Т. Жангелдинді жерлеуді ұйымдастыру жөнінде

үкмет комиссиясы құрылсын, оның құрамына Б. Тәжиев (председатель), И. Шарипов, Ш. Ермағамбетова, Н. Д. Новиков, И. Қарақұлов кіретін болсын.

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТИ ПРЕЗИДИУМЫ ПРЕДСЕДАТЕЛІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Ә. Т. ЖАНГЕЛДИНДИ ЖЕРЛЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИССИЯСЫНАН

Марқұм Ә. Т. Жангелдиннің денесі салынған табыт Асай атындағы опера театрына қойылған. Марқұм Ә. Т. Жангелдинмен 15 августа күндізгі сағат 4-тен түнгі сағат 11-ге дейін, 16 августа таң-

ертеңгі сағат 10-нан күндізгі сағат 2-ге дейін қоштасуға болады.

Марқұм 16 августа күндізгі сағат 4-те жерленеді.

жәді. Мен бүгін нормадан тыс шығарған нандай 1070 килограмм өнім бердім. Менің бригадамдағы басқа жолдастар да сменалық нормасын артығымен орындады.

Комбинат жұмысшылары түскі демалыс кезінде, смена аралығында сессия материалдарын талқылап, өнімнің өзіндік бағасын арзандатып, оның сапасын жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар енгізу мен бірге өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды.

Құрылысшылар бригадасына бөлінген үгітші Морозова жолдас өзінің әңгімесін Маленков жолдастың сөзіне арнады.

—ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзінде Г. М. Маленков жолдас, ең таяудағы 2-3 жыл ішінде халық үшін азық- түлік және жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасау міндетін қойды, — деді ол.

Комбинат жұмысшылары Коммунистік партия мен Совет Үкметіне шексіз алғыс айтып, туған Отанымыздың көркейіп, нығая беруі үшін аянбай еңбек етуде.

мысы алғашқы күннен бастап асқан ұйымшылдықпен жүргізуде. Комбайншылар бір-бірімен өзара социалистік жарыққа түсе отырып, әрбір комбайнмен күніне 20 гектардан егін жыйнауға серт берсе, олар өздерінің бұл сертін аброймен орындап келеді. Комбайншы П. Резниченко жолдас егін жыйнаудың алғашқы күндерінен-ақ, совхоз жұмысшыларының сый- құрметіне бөленді. Ол бір «Сталинец—6» комбайнымен алғашқы күндердің өзінде 180 гектар бидайық және арпа жыйнап, 1900 центнер астық бастырды.

Хрущев жолдас басқарған комбайн агрегатының мүшелері де өнімді еңбек етіп жүр. Олар комбайнның күні- түні бірдей қалтқысыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету де. Көзір Хрущев жолдас бір «Сталинец—1» комбайнымен 170 гектар егін жыйнап, 1850 центнер астық бастырды.

Комбайншылардың егін жыйнауын алғашқы күндерінде мұндай табыстарға жетуінің басты себебі — егін жыйнауға комбайндарды тыңғылықты әзірледі, агрегатта еңбек дұрыс ұйымдастырылды. Олар

астық тазалауда күндік жұмыс тапсырмаларын үнемі 400 процентке дейін орындайды.

Совхозда мемлекетке астық тапсыру жұмыстары күні- түні бірдей ұйымдастырылуда. Бұл жұмысқа арнаулы тасымал бригадасы бөлінді. Бізде астықты дайындау жауынды күндері де тоқтаусыз жүргізіледі. Ол үшін совхозда жабық астық қырандары мен қоймалар жеткілікті. Бұдан басқа «Құзбаас» астық кентірткіші жұмысқа қосылды.

Совхоз жұмысшылары ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарларымен жігерлене отырып, егін жыйнау мен астық дайындау жоспарын осы жылғы 1 сентябрьге дейін толық орындап шығады. Сүйікті Отанымызға жоғары сапалы астықты быйыл жылдағыдан әлде қайда көп береміз. Бұл біздің туған еліміздің экономикалық күш- қуатын онан сайын арттыру ісіне қосқан келелі үлесіміз болады.

Г. ЧЕШКОВ,

Мамлют совхозы партия ұйымының секретары.

Зябь — мол өнімнің негізі

Бүкіл еліміздің еңбекшілері сыяқты облыс МТС-тері мен совхоздарының механизаторлары және барлық егіншілері ССР Одағы Жоғарғы Советі V сессиясының ССРО-ның 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті және ауылшаруашылық салығы жөніндегі Заңдарын, сол сыяқты Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзін зор ынта- жігер үстінде қарсы алды. Үкмет пен партияның саясатын мүлтіксіз қолдайтын бүкіл совет халқы сыяқты облыс еңбекшілері де сессия қарарларын еңбекшілердің әл- аумақ дәрежесін онан әрі жақсартуға және Отанымыздың қорғанымаздық күш- қуатын барған сайын нығайтуға бағытталған шара деп біледі. Сонымен, көзір механизаторлар мен егіншілер зор әрлеу үстінде еңбек етуде.

Сессия қарарларымен қаруланған облыс еңбекшілері өздерінің барлық күштерін егінді қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап алуға, мемлекет алдындағы бірінші парыз — астық дайындау жоспарын мерзімінде орындауға, қоғамдық мал шаруашылығы үшін берік жеміш қорын жасауға және мал қораларын жеткілікті әзірлеуге, сол сыяқты келесі жылдың егісіне қам жасауға, атап айтқанда, зябь жырту жоспарын мерзімінде орындауға жаппай жұмылдырып отыр. Өйткені, зябьті уақытылы жырту, жыртылған зябьті ойдағыдай күту егін өнімін арттырудың бірден- бір қолайлы шарты екендігін егіншілер әбден біледі. Зябь көктемде жерде ылғалдың көп болуын қамтамасыз етеді, егін алаңында кездесетін арам шөптерді жояды. Демек, зябьтің экономикалық зор маңызы бар. Сондықтан да әрбір колхоздан, әрбір совхоз бен МТС-тен зябь жырту жоспарын тағайындаған мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде орындаулы талап етіледі.

Көзір колхоздар мен совхоздарда егін жыйнау жұмысы жаппай басталды. Өткен жылы үстіміздегі жылдың көктемгі егісіне жерді мол әзірлеп, егіс жұмыстарының агротехникалық қысқа мерзімде өткізілуін қамтамасыз еткен шаруашылықтарда мол егін жыйналып жатыр. Мәселен, Петропавл ауданындағы «Красный пахарь» колхозында күздік егіннің әрбір гектарынан 18 центнерден өнім алынуда.

Әрине, өткен жылы келесі жылдың егісіне жер дайындау жұмысы барлық шаруашылықтарда ойдағыдай жүргізілген болса, онда егін өнімі жөніндегі табыстарымыз барлық жерде бірдей осындай және онан да зор болған болар еді. Алайда, кейбір аудандарда совет және ауылшаруашылық орындары зябь жырту жоспарын тағайындаған мерзімде сөзсіз орындауды қамтамасыз ететін шараларды қолданбады, зябь жыртудың кеш басталып, баяу жүргізілуіне жол берді, жұмысқа жоспарда белгіленген тракторлар мен көлік соқаларын толық қоспады.

Міне, өткен жылдың осы сабағынан быыл да көп шаруашылықтарда тиісті қорытынды шығарылмай отырылғандығы қыныжаралық-ақ іс. Бұл зябь жырту жоспарының күні бүгінге дейін онан бір бөлегінің ғана орындалғанынан айқын көрінеді. Зябь жырту, әсіресе, Совет, Приешім, Ленин, Калинин атындағы, Преснов, Майбалық МТС-терінде ойсыраған олжылықта. Сондай-ақ Чистая МТС-де соңғы он күн бойына бірде-бір гектар зябь жыртылған жоқ. Істің жайы Интернационал МТС-де де осындай. Ал, машина- трактор станциялары мен совхоздардың барлығы

дерлік зябь жырту жөнінде тағайындалған соңғы онкүндік тапсырманы орындамады. Осының салдарынан соңғы он күн ішінде жыртылған зябь жөніндегі өсім бүкіл облыс колхоздары бойынша 4 мың гектардан аздап қана асты.

Зябьтің егіннен мол өнім алу жолындағы күрестегі шешуші маңызы жөнінде Петропавл ауданының партия, совет және ауылшаруашылық орындарында аз сөз болып жүрген жоқ. Бұл жөнінде тиісті қаулылар да қабылданып, шаралар да белгіленді. Бірақ, істелген істе күні бүгінге дейін маңызды нәтиже жоқ. Аудандық ауылшаруашылық және дайындау бөлімінің меңгерушісі Шилов жолдас зябь жыртуға нақтылы басшылық жасамайды, ол колхоздардағы шын жағдайды білмейді. Осының салдарынан ауданның Жамбыл атындағы және Калинин атындағы колхоздарында 30-40 гектардан ғана зябь жыртылып отыр.

Облыста зябь жыртудың әлі күнге дейін өріс алмай отырғандығының негізгі себептері неде? Олар мыналар: аудандық партия комитеттері мен совет және ауылшаруашылық орындары күні осы уақытқа дейін ауылшаруашылық жұмыстарын кезекке қоюшылық сыяқты зиянды әдеттен арыла алмай келеді. Олардың зябь жыртуға деген басшылығы сылбыр, зябь жыртуға қосылған тракторлар мен көлік соқаларының өнімді пайдаланылуын қалаталауы жеткілігісіз.

Ендігі жерде зябь жырту жұмысын ұйымдастырудағы бұл сыяқты сылбырлыққа, кешөуілдетушілікке, кезекке қоюшылыққа түзуге тіпті болмайды. Әңгіме, зябь жырту ісінде күрт өзгеріс жасалуына жетісеу жөнінде болып отыр. Бұл үшін әрбір колхоз бен совхозда зябь жыртуға жұмыс жоспарында белгіленген тракторлар мен көлік соқалары толық шығарылуы керек, трактор, дала бригадаларына

береміз

Фурманов атындағы колхоздың (Петропавл ауданы) колхозшылары ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясында қабылданған 1953 жылға арналған Мемлекеттік бюджет туралы және ауылшаруашылық салығын кеміту туралы Заңдарды еңбектегі зор әрлеу үстінде қарсы алды.

Түскі үзіліс кезінде мәдениет қосында үгітші Дедо, жолдас колхозшыларға сессия қарарларын және Г. М. Маленков жолдас-тың сөзін түсіндірді. Бұдан кейін колхозшылар сессия қабылдаған Заңдар туралы өздерінің пікірлерін айтты.

—Біз 1953 жылғы Мемлекеттік бюджет туралы сессия қабылдаған Заңды бір-ауыздан мақұлдаймыз, — деді колхозшы А. Ермакова жолдас. —Біз, колхозшылар, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің бұл қамқорлығына егінді ысырапқа ұшыратпай держесінде жыйнап, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау арқылы жауап береміз.

Г. НӨКЕНОВ.

зябь жырту жөніндегі тапсырмалар жедел жеткізілуі, ол тапсырмалардың мүлтіксіз орындалуы қажет.

Зябь жыртуда елеулі табысқа жету үшін трактор қуатын сарқа пайдаланудың, барлық жерде тракторлардың екі сменада жұмыс істеуінің, түнде жұмыс істейтін тракторлардың жарықпен жабдықталуының, зябь жыртуға қосылған тракторларға техникалық көмек көрсетілуінің зор маңызы бар. Әрбір тракторшының тапсырманы смена сайын мүлтіксіз орындап отыруына жетісеу қажет.

СОБП XIX съезінің директиваларында ауыл шаруашылығын, әсіресе, егін шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары белгіленген. Бұл жергілікті партия ұйымдарына зор жауапкершілік жүктейді. Партия ұйымдары зябь жыртудың қызу қарқымен ұйымдастырылуын қамтамасыз ететін болуы керек. Ол үшін тракторшылар мен егіншілер арасында социалистік жарысты, үгіт- бұқаралық жұмысты көбінен өрістетуге қажет. Зябь жыртуда жүрген механизаторлар мен егіншілердің тұрмыстық және мәдени- рухани қажетінің тыңғылықты өтелуін қадағалау да партия ұйымдарының ұмыт қалдырмайтын ісі. Сонымен бірге, партия ұйымдары, ауылшаруашылық орындары мен ауылшаруашылық мамандары зябь жыртудағы озат механизаторлар мен егіншілердің тәжірибелерін жұртшылық игілігіне айналдыруға, сөйтіп оларды зябь жырту жоспарын сапалы орындау ісіне жаппай жұмылдыруға міндетті.

Зябь — мол өнімнің негізі. Сондықтан зябь жырту қарқынын еселеп арттыру қажет. Бүгінгі күннің кезек күттірмейтін талаптарының бірі, міне осы.

Б. СҰЛТАНОВ,

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Совхоз коммунистерінің авангардтық ролі

Совет Одағының Коммунистік партиясы жергілікті партия ұйымдарының алдына партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың дәрежесін жақсартуға беру міндетін қойып отыр. Бұл міндетті орындауда Булаев ауданындағы Совет астық совхозының партия ұйымы бірқатар жұмыс істеді. Совхоз партия ұйымы СОКП XIX съезінің қарарларын басшылыққа ала отырып, партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстың дәрежесін едәуір жақсартты. Сонымен бірге партия ұйымы совхоздың егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын өркендету ісіне де айтарлықтай басшылық жасап келеді.

Партия ұйымы өндірістік жұмыста коммунистердің авангардтық ролін арттыру мәселесіне ерекше назар аударады. Соның нәтижесінде коммунистер өздері жұмыс істеп жүрген учасютке еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Мәселен, коммунист Андрей Кулишов жолдас көп жылдан бері совхоздағы жөндеу мастеркояының меңгерушісі болып істейді. Ол содан бері еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру жөнінде көптеген бағалы жаңалықтар енгізіп, совхоз шаруашылығын өркендетуге келеді үлес қосты.

Андрей Кулишов жолдас үстіміздегі жылы да комбайндар мен тракторларды егін орағына азірлеу ісіне белсене қатысты. Ол өткен жылы астық тазалайтын механикаландырылған веялка ойлап шығарған болатын. Веялка астық тазалау жұмысында жақсы нәтиже берді. Сондықтан Кулишов жолдас быйыл тағы да сол сыяқты, 4 веялка жасап шығарды. Бұл веялкалардың әрқайсысы емена сайын мың центнерден астық тазалайды. Андрей Кулишов жолдас быйыл тракторға тіркелетін шөп жыйнағын жасап шығарды. Онымен күн сайын 450—500 центнер шөп жыйналады. Демек, бұл шөп жыйнағын 30 адамның жұмысын атқарады.

Совхоздың мал шаруашылығында да көптеген коммунистер істейді. Олар малды жақсы жайылымдарда бағып, күйлі

өсіру, мал шаруашылығы өнімділігін мотайту жұмыстарын ұйымдастыруда. Коммунист Ш. Сағындықов жолдас басқаратын сауыншылар бригадасы сүт сауудың айлық жоспарын үнемі 110—120 проценттен орындап жүр. Осының нәтижесінде бұл бригада мемлекетке сүт тапсыру жоспарын асыра орындап келеді.

Коммунист Демидов жолдас № 1 бөлімшеде мал дәрігері болып істейді. Ол бөлімшеде зоотехникалық-малдәрігерлік ережелердің мұқият сақталуын, мал жайылымдарының дұрыс пайдаланылуын бақылап отырады. Мал інетіне қарсы күресті деркөзіңде жүргізеді. Сондықтан да мұнда мал шығыны болған емес.

Совхоздағы шаруашылық жұмыстардың барлығы механикаландырылған. Көптеген коммунистер тракторшы, комбайншы болып істейді. Коммунист Матай Омаров жолдас үстіміздегі жылы қос комбайнмен 1200 гектар жердің егінін орауға міндеттеме алды. Мұндай комбайншылар совхозда көптеп саналады. А. Болекно, В. Двоглазов және басқа шоферлар жаңа астықты қабылдау пунктіне тез жеткізуге ұйымшылдықпен кірісті.

Партия ұйымы совхоз жұмысшылары арасындағы үгіт-бақаралық жұмыстарын кеңінен жүргізуде. Совхозда құрамында 40 адамы бар үгіт коллективі жұмыс істейді.

Партия ұйымының секретары Кравченко жолдас үгітшілермен семинар өткізіп тұрады. Онда XIX съезінің материалдарынан және ауыл шаруашылығы мәселелері жөнінде лекциялар оқылып, баяндамалар жасалады. Семинарда тәжірибе ауыстыру мәселесіне айырықша көңіл бөлінеді.

Совет совхозының коммунистері бұдан былайғы жерде де совхозды барлық жағынан өркендету беруге белсене қатысады. Олардың мақсаты — өз совхозын облыстағы алдыңғы қатарлы совхоздардың қатарына қою.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

Партия ұйымының басшылығы нашар жерде

Партияның XIX съезі социалистік ауыл шаруашылығын онан сайын өркендету міндетін қойды. Бұл жауапты міндетті жүзеге асыру күресін ұйымдастыруда бастауыш партия ұйымдары меншігі роль атқаруға тиіс. Бірақ, осыған қарамастан «Бультурный пахарь» колхозының (Приешім ауданы) бастауыш партия ұйымы колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беруге тиісті басшылық жасай алмай келеді.

рет мәселе қарамаған. Міне, осының әсінен-әсі бұл ұйымның жұмыс дәрежесін көруге болады.

Бұл партия ұйымының есебінде көптеген коммунист тұрады. Бірақ, Радионов жолдас оларды ұйымдастыру жұмысына пайдалана білмейді. Коммунистерге партия ұйымы тарапынан тапсырма бермейді. Осының салдарынан коммунистердің бір-азы саяси және өндірістік жұмыстарға

Редакцияға хат

Мәдени-ағарту жұмысы жақсартылса екен

Ленин ауданында барлығы 40-қа жуық оқу үйлері мен селолық клубтар бар. Егер аудандық мәдени-ағарту бөлімі мен колхоз бастауыш партия ұйымдары тарапынан олардың жұмысына күнбе-күн бақылау болып, басшылық жасалып отырылса ауыл-село еңбекшілерінің мәдени және рухани тілегін тыңғылықты өтеуге толық мүмкіндік туар еді. Бірақ, істің жайы олай болмай отыр. Соның салдарынан көптеген ауыл-селолық мәдени-ағарту мекемелері өздерінің жұмысын идеялық жоғары дәрежеде жүргізе алмай келеді.

Аманкелді атындағы, «Красный сибиряк» колхоздарындағы оқу үйлерінің жұмысын мысалға алайық. Аталған оқу үйлерінің меңгерушілері Бөденова және Карпенко жолдасар еңбекақы алғанына мәз болып, оқу үйлерінің жұмысын мүлде тоқтатып қойған. Олар бақылаудың жоқтығын пайдаланып, бұқарадан мүлде қол үзді. Оқу үйлері көп реттерде жабық тұрады. Олардың қызметкерлері ауыл-село еңбекшілері арасында ешқандай мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізбейді.

Қарағаш ауылдық Советінің жанындағы оқу үйінің жұмысы да осындай нашар болып отыр. Бұл сыяқты мәдени-ағарту жұмыстарын еңбекшілердің тілегіне сай жүргізе алмай отырған ауыл-селолық оқу үйлері мен клубтар ауданның бірқатар колхоздарында кездеседі. Ал, аудандық мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі Исаков, инспекторы Ивасенко жолдасар күнді кеңседе отырумен өткізеді.

Кәзір ауданда егін жыйнау, астық тапсыру жұмыстарының қызу кезеңі басталды. Сондықтан ауыл-селолық мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы дереу жақсартылып, колхозшыларды мәдениетті қамту мәселесіне жете көңіл бөлінсе екен.

Н. ҚАЗАНБАЕВ.

Оқу үйінің жұмысын кім жүргізбек

Ленин атындағы колхоздың (Булаев ауданы) қызыл мүйісінде 750-ге жуық саяси, көркем әдебиет кітаптары, дойбы, шахмат және радио қабылдағыш бар. Бұған қарағанда колхозшыларды мәдениетті қамту үшін қызыл мүйісте мүмкіншілік толық жеткілікті. Бірақ, қызыл мүйістің меңгерушісі В. Мұстафин жолдас өз жұмысын бүгінгі күннің талабына сай жүргізе алмай келеді.

Жұмыс жоспары формальді түрде ғана жасалады. Мұстафин жолдас қабырға газетін шығаруға көмектесуді, кітап оқушылар конференцияларын, колхозшылар арасында өңгімелер өткізуді өзінің міндеті деп есептемейді. Тіпті оның өзі күні бүгінге дейін бірде-бір кітапты оқып шықпаған. Ол өзінің саяси білімін көтеру ісімен шұғылдана бермей

Оқушылардың сұрақтарына жауап

СУЭЦ

Соңғы кезде дүние жүзінің жұртшылығы Суэц проблемасына байланысты ағылшын-египет қарым-қатынастарының шиеленісуі мәселесіне едәуір көңіл бөліп отыр.

Бұл проблеманың мәнін түсіндіру үшін Суэц ауданының кейбір ерекшеліктерін және соңғы сегіз-тоғыз онжылдықтар ішінде мұнда болған оқиғаларды тым болмаса жалпы сыйпаттап еске түсіріп өту қажет.

Ені 175 километр Суэц мойнағы жер шарының үш континенті — Азияның, Африканың және Еуропаның арасындағы бейнебір көпір сыяқты. Ол солтүстікте Жерорта теңізімен, ал, оңтүстікте Қызыл теңізбен шектесіп жатыр. Мойнақтың бірінші дәрежелі стратегиялық маңызы бар екендігінде ешқандай талас пікір жоқ. Осы далалы ауданды әлдеқашаннан бері бүкіл Орта Шығыстың кілті деп атайды, ал, Орта Шығыста мұнайдың дүние жүзінде барланған қорының тең жартысы бар екенін айта кету керек.

Өткен ғасырда мұнда сол кез үшін аса ірі канал қазылған кезде Суэц мойнағының маңызы еселеп күшейе түсті. Ол Жерорта теңізінің Қызыл теңізбен жалғастырды, сойтіп Еуропадан Оңтүстік Азияның, Қызыр Шығыстың, Индонезияның және Австралияның елдеріне баратын жолды мықтап қысқартты, шамамен алғанда бұл жол 8 проценттен (Ливерпуль — Мельбурн) 58 процентке (Генуя — Бомбей) дейін қысқарды.

Каналдың тарихы өте ерте заманнан басталды. Шығыс билеушілерінің өртүрлі династияларының көптеген әрекеттерінен кейін жүздеген мың құлдың өмірі құрбан етіліп, бұл құрылыс біздің дәуірімізге дейінгі үшінші ғасырда аяқталды. Бұдан мың жарым жыл бұрын оны шөлдің құмы түгелдей басып қалғанға дейін, канал талай рет бөгеліп қалып, талай рет қалпына келтіріліп отырылды.

Каналды қайтадан қазу жөнінде алғашқы қадам өткен ғасырдың ортасында, Еуропада капитализм қаулап өскен кезде жасалды. Бұл су жолын салудың өртүрлі жобасы ұсынылды, бірақ, ақырында аса көрнекті француз инженері Фердинанд Лессепстің жобасы ғана жүзеге асырылды.

Жасырын түрде жүргізілген өртүрлі саяси ағымдардың көптеген кедергілерінен өткеннен кейін (каналдың қазылуына, мысалы, Англия қарсылық етті) Лессепс 1854 жылы ғана Египеттің вице-королінен концессияға және мойнақты қазу, каналды пайдалану жөнінде жалпы науқанды ұйымдастырып, басқаруға рұқсат алды. Англияның қарсылық білдіруіне келетін болсақ, онда мұны оңай түсіндіруге болады: Англия оның Индия мұхиты ауданындағы оғарларына баратын жолды бақылау, басқа

құралды. Бірақ каналдың салынуына қарсы болған ағылшын үкметі акцияларды алмады, сондықтан ол әкімшілік советке қатысқан жоқ. Соның өзінде канал ашылғаннан бергі кезеңнің ішінде Англия оның негізгі клиенті болып алды — канал арқылы өткен кемелердің үштен екісі ағылшын туы астындағы кемелер болды. Енді ағылшын басшы топтары ескіліктің «есіктен болмаса, терезеден кіреді» деген мәтелінде айтылғандай шара қолдануға кірісті. Егер каналдың салынуын тоқтата алмаған болса және канал біткен іс болып отырғанда, енді осы біткен істің фунт стерлинген, одан да жақсырақ — ағылшын найзасы астында бақылануына жету керек болды.

Ағылшын өкметі көп ұзамай солай істеді де. Оның алғашқы қадамы мынадан басталды. Египет патшасы Измаилдың финанстық қыйыншылықтарға ұшырауын пайдаланып, жалдап алған адамдарының көмегімен 1875 жылы оның акцияларын 100 миллион франкқа сатып алды. Француз үкметі мұндай сөз байлаушылыққа қарсы шығуға тырысып еді, бірақ оның наразылығы ескерілмеді. Пруссиямен соғыста жеңіліп қалғаннан кейін Франция жүрегіне наразылық білдіруден артық ешбір шара істегуге шамасы келмеді.

Ағылшын үкметінің бұдан кейінгі қадамы Египетті әскери оккупациялау болды. 1882 жылы Англия каналға өзінің флотын енгізді, Египетке француз, ағылшын финанс бақылауынан туған өлдегі ұлт-азаттық қозғалысын аяусыз түрде басып тастады, Каирды оккупациялады және бүкіл Ниль алқабының қожасы болып алды.

Мұның бері Суэц каналы компаниясының Британия үкметімен ықтыярысыз келісім жасауымен тынды, бұл келісім бойынша Британия жалауы астында жүзген кемелер үшін пошлина азайтылды, бірсыпыра жеңілдіктер берілді, бұған қоса Англия әкімшілік советінде өзінің Египет патшасының акцияларын сатып алғаннан кейін алған орындарына қосымша тағы да жеті орын алды. Француз үкметіне келетін болсақ, ол Мароккодағы праволар туралы өзін жақтап қалды да, каналға Англияның әскери протектураттық бірден-бір қожалық правосын таныды.

Египет халқы елге бейнебір каналды қорғау үшін келген ағылшын империализмінің үстемдік етуіне душар болды, бірақ өз елін шетелдік оккупациялаумен ешуақытта да келіскен емес. Мұнда ұлт-азаттық қозғалысы Ұлы Октябрьдің ықпалымен жаңадан өріс алды. Жергілікті үкмет бұл қозғалыстың қысымымен Египетке суверенитет берілуі туралы және елден ағылшын әскерінің әкетілуі туралы Англиямен келіссөз бастады. Бұл келіссөздер бірнеше рет тоқтап қалып, қайтадан басталып отырды. Англияның бұл үкметінің

тің келіссөздері қайтадан басталды. Олардың бірден-бір нәтижесі Судан туралы келісім болып табылады. Ал, Суэц туралы екі жақ осы кезге дейін ешқандай келісімге келген жоқ және келіссөздер қайтадан тоқтатылды.

1951 жылы халық бұқарасының қысымымен Египет үкметі 1936 жылғы кіріптарлық ағылшын-египет договорын және судан кондоминиумы (бірлесіп басқару) туралы келісімді бұзды. Соның өзінде де ағылшын әскерлері Ниль алқабында қалып отыр. Шетел баспасөзінің Суэц проблемасына АҚШ-тың өте мүдделі болып отырғанын жасырмай жазуда екенін айта кету керек. АҚШ өткен ғасырда Англияның Францияны Суэц аймағынан қуып шығу тарихын қайталаудан бастартпас еді. АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллестің жақын арада Таяу және Орта Шығыс пен Оңтүстік Азия елдеріне барып қайтқандығы жөнінде буржуазия баспасөзінің пікірлері, атап айтқанда, осының айғағы болып отыр.

Вашингтон өз өкіметіндегі Солтүстік-Атлантика одағының қайдағы бір шылауы атышулы — «Орта Шығыс командованиесін» құрғысы, оған бұл елді өз әскерлерімен оккупациялау үшін Египетті қосқысы келер еді. Англияға келетін болсақ, ол өз әскерлерінің Суэцке қалдырылуына — әрине ағылшын бақылауында болуға тиісті «Орта Шығыс командованиесін» құру деген айламен жетуді көздейді. Англияның Орталық информациялық бюросының атап көрсеткеніндей, бұл жоспарға сай Суэц каналы аймағының гарнизоны (әріне ағылшын гарнизоны — И. А.) одақтас мемлекеттердің бақылауында болады. Американдық та, англиялық та бұл жоспарлардың бері Египетке төніп отырған қайдағы бір советтік хауіп туралы газет даурықпасын бетке ұстауды. Ал, Египет үкметі, египет халқы ағылшын әскерлерінің сөзсіз әкетілуін талап етуде.

Суэц ауданының кәзіргі жағдайы қандай?

Канал: оның ұзындығы — 173 километрден асады. Оның он бойында шпоздер жасаудың қажеті жоқ. Екі теңіздің суы каналға еркін келіп құйып жатады. Каналдың ені алғашқы кезде ең кең жері 22 метр болса, кәзір 60, ал кей жерде 75 метрге, жоғарырақта 120-дан 150 метрге дейін жетеді. Каналдың жүк тасымал айналымы соғыстың алдындағы соңғы жылда 34,4 миллион тонна болды. 1952 жылдың алты айы ішінде канал арқылы 5,275 кеме өтті, бұл шамамен алғанда күн сайын 35 кеме өтіп тұрды деген сөз.

Бұл цифрлар каналдың экономикалық зор маңыздылығын көрсетеді. Ал, оның стратегиялық маңызына келетін болсақ, онда шетел шолушыларының пікірі бойынша авиацияның шығуына

Колхозда еңбек ұйымдастыру ісінде елеулі оңдықтар бар. Алдымен, пішенділер және егіншілер арасында социалистік жарыс шарты жасалмаған. Ол олма, колхоздың өзі әлі күнге ешқандай колхозбен социалистік жарысқа түспей келеді. Міне, мұның барлығы колхозшылар бұқарасының саяси және өндірістік белсенділігін арттыруға керісінше әсерін тигізбей отырған жоқ.

Бастауыш партия ұйымы, оның секретары Радионов жолдас бұл кемшіліктерді жойып, үгіт-бұқаралық жұмыстарын күшейту арқылы шаруашылық міндеттердің кезінде орындалуын қамтамасыз етуі керек еді. Ама! не, бұл әзірге болмай отыр. Бастауыш партия ұйымы өзінің жалпы жыйналысында өткен 7 айдың ішінде колхозда еңбек ұйымдастыру ісін жақсарту, колхозшылардың социалистік жарысын ұйымдастыру жөнінде бірде-бір

Колхозда еңбек ұйымдастыру ісін тиісті дәрежеде болмауы себепті қоғамдық мақпа жемшөп қорын жасау, егін ору, астық дайындау жұмыстарының да қарқыны мез емес. Жемшөп дайындау жоспары әлі күнге орындалған жоқ. Егін жыйнауға бөлінген колхозшылардан жұмысқа шықпай жүргендер де бар. Мұндай жағдай көбінесе № 1 және № 2 бригадаларда кездеседі.

Бастауыш партия ұйымы колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беру күресін үнемі басқарып, оған бағыт беріп отыруға тиіс. Мұны «Культурный пахарь» колхозының бастауыш партия ұйымы, оның секретары естен шығармауы керек. Олар жоғарыда айтылған кемшіліктерді жойып, колхоз шаруашылығына партия басшылығын жақсартуға міндетті.

Д. КОЛЕСНИКОВ.

Қызыл мүйістің жұмысындағы бұл кемшіліктерді колхоз партия ұйымының секретары Мұсабаев жолдас көре білетұрса да, оның жұмысын жақсартуды Мұстафин жолдас қатты талап етпей отыр.

Н. БАЙМАШЕВ.

КУӘЛІГІМІЗДІ ҚАШАН БЕРЕР ЕКЕН

Өткен оқу жылында Чапаев атындағы жетіжылдық мектепті (Октябрь ауданы) 19 оқушы бітіріп шыққан болатын. Олардың бәрі де орта мектепке, техникумдарға түсуге дайындалуда. Бірақ мектеп дирекциясы мен аудандық оқу бөліміндегілердің өз жұмыстарына жауапсыз қарауы салдарынан олар осы уақытқа дейін мектеп бітіргендігі жөнінде куәліктерін ала алмай жүр.

Мектеп дирекциясы оқушылардың куәлігін қашан берер екен?

М. МУСИН.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ӘЗІРЛІК

Толық дайынбыз

Мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу — жаңа бесжылдықтың халық ағарту мәселесі жөніндегі тапсырмаларын орындаудағы басты шаралардың бірі болып табылады. Соңдықтан да, біздің мектептің коллективі жаңа оқу жылына дайындық жұмысын ерте бастан қолға алып, оған зор жігермен кірісеті. Көзір біздің мектеп жаңа оқу жылына дайындықты толық және сапалы етіп аяқтады.

Біздің бұл табысқа жетуіміз, ең алдымен, біздің елімізде мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу бүкілхалықтық іске айналғандығының айқын көрінісі. Бұған біздің мектепті, жөндеу жұмысына көмек жасаған қала еңбекшілерінің, әсіресе, «Казельпромстройдың» облыстық мекемесінің (бастығы Иванов жолдас) жұмысшы-қызметкерлер коллективінің ісі дәлел бола алады. Олардың көмегі арқасында біз мектеп үйін қайта жөндеу және сылап ағарту, едендерді сырлау, әйнектерді жаңалау және электр жарығын қайта орнату сияқты күрделі жұмыстарды ойдағыдай аяқтай алдық. Сол сияқты, мектеп ауласын көгалдандыру үшін де көптеген жұмыстар жүргізілді. Мектептегі барлық парта, стол, орындық, жазу тақталары жөндеуден өтті. Ал, қысқа қажетті 50 тонна көмір мен 20 текшеметр отын толық тасылып алынды.

Мектептің оқытушылар коллективі де жаңа оқу жылына ойдағыдай дайындалды. Олардың мектеп жасындағы балалардың тізімін алуы дерезінде жүргізуі август айының алғашқы күндерінде-ақ 1-класс оқушыларының тізімін түгел алуға және оларды сабаққа дайындауымызға толық мүмкіншілік берді. Сонымен бірге, басқа кластарға да оқушылар өткен жылғыдан әлде қайда көп қабылданды. Мектеп оқушылары көзірдің өзінде-ақ қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

Р. БЕРГЕЛЬСОН,

Қаладағы № 4 жетіжылдық мектептің оқу ісін меңгерушісі.

Оқытушылар коллективі оқушылардың жазғы демалысы кезінде жаңа оқу жылына дайындық жұмысын тоқтаусыз жүргізіп отырды. Көптеген оқытушылар өздерінің білімін көтеру үшін мұғалімдердің білімін жетілдіру курстарында оқыды. Ал, Маргарита Следина сияқты оқытушылар республикалық педагогикалық оқуға қатысып, онда өзінің оқытушылық тәжірибесі туралы баяндама жасады.

Мектеп оқытушылары, әсіресе, мектепке алғашқы жыл келетін жас өспірімдер арасында жұмысты қызу жүргізуде. Оқытушы Надежда Гречкосеева жолдас 1-класс оқушылары үшін арнаулы көрнекі құрал жасады.

Жуырда болып өткен педагогикалық кеңесте біз мектептің бірінші жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспарын талқыладық. Мектептің оқытушылар коллективі бұл талқылауға қызу қатынасып, жоспарды бекітерде өткен оқу жылында кездескен кемшіліктерді еске алды.

Сол сияқты, мектеп оқытушылары арасында Қазақстан мұғалімдері съезінің қаулы-қарарларын оқып үйрену, мұғалімдер үндеуінде көрсетілген шаралардың мүлтіксіз жүзеге асырылуын қамтамасыз ету ісі көп өріс алуға. Көзір мұғалімдер үндеуді ата-аналар арасында кеңінен талқылауға кірісеті. Сөйтіп, оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту жөнінде ебезде белгіленген шараларды жаңа оқу жылында мүлтіксіз жүзеге асыру үшін күресуде.

Жаңа оқу жылы басталуға санаулы ғана күндер қалды. Енді аз уақыттан соң жазғы демалысты көңілді өткізген оқушылар мектепке келіп, жарық, жақсы жөнделген кең бөлмелерде жаңадан оқуға кірісетін болады.

Мектеп әзір

Ленин ауданындағы Қарағаш жетіжылдық мектебінің (директоры Баграмов жолдас) коллективі өткен оқу жылын үлгілі аяқтаған болатын.

Мектеп коллективі жаңа оқу жылын да ойдағыдай әзірлікпен қарсы алғалы отыр. Мұнда оқулықтар, тетрадтар жеткілікті. Оқушылардың тізімдері алынды. Мұғалімдер бар. Мектеп үйін жөндеу жұмыстары толық аяқталған. Парта, жазу тақталары, тағы басқа қажетті құралдар түгел дайын. Мектепке қажетті қысқы отын толық тасылып алынуға жуық.

Мектепті жаңа оқу жылына дайындауға мектеп жанындағы интернатта тәрбиеленетін оқушылар көмектесіп жүр. Олар, әсіресе, мектеп пен интернат үйлеріне қажетті отынды дайындауда зор белсенділік көрсетті.

С. ҚАЗАҚБАЕВ.

Іспен жауап беруде

Калинин мектебінің (Соколов ауданы) оқытушылар коллективі Ленин ауданы, Александровка селолық Советінің депутаттары мен активтерінің мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу туралы үндеуіне қызу үн қосып, жаңа оқу жылына үлгілі дайындықпен келді.

Көзір мұнда мектеп үйін жөндеу жұмысы толық аяқталды. Сол сияқты, парта, жазу тақталары, стол, орындықтар және көрнекі құралдар әзір. Мектеп қысқы отынмен де қамтамасыз етілді.

Мектепті жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеуге Калинин атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары зор көмек көрсетті.

Т. ҒАНИЕВ.

Екі мемлекетке ауысады деп қорықты. Еуропадан Оңтүстік Азияға, Қытайға, Жапонияға, Индонезияға, Австралияға, Добрая Надежда мүйісі арқылы баратын жолдың алыс болса да «өтілген» жол екені, ең бастысы — Англия бұл жолға оңай бақылау орнатқаны түсінікті. Ал, Суэц каналы бұл жолды қысқарта тұрса да, бірақ осы жолға қым бақылау жасайды деген көмескі сұрақ тұрғызы.

1859 жылғы апрельде каналдың құрылысы басталды. Египет үкметі еріксіз жұмысқа 20 мың феллах берді, құрылыс жұмысына Франциядан, Италиядан, Балкандан, Сириядан тағы басқаларынан мыңдаған шаруалар алынды. Шөлдің мейірімсіз қатал ауа райы мен жұмысты механикаландырудың болмашы дәрежесімен қатар, Лондонның әлі де өртүрлі кедергілер жасап, қыр көрсете беруді құрылысты қыйындата түсті. Бірақ 1869 жылы каналдың құрылысы ақыры аяқталды. Мыңдаған жылдардан кейін Жерорта және Қызыл теңіздердің сулары қайтадан жалғасты.

...Кейіннен Лессепс француз академиясының мүшесіне алынғанда, қабылдау салтанаты кезінде академияның президенті Лессепске мынаны айтқан болатын: «Аталық ұлы сөзім сол — «Мен сіздерге бейбітшілік емес, найза өкеле жатырмын», — бұл әрдайым есте-ріңде сақталуы керек. Қақ жарылған мойнақ енді бұғаз болды, басқаша айтқанда, ұрыс алаңына айналды». Кейінгі оқылғалар бұл сөздердің дұрыстығын көрсетті. Канал теңіздегі алғашқыда «қырғыйқабақ», ал, кейіннен нағыз «ыстық» соғыс басталды.

Лессепстің концессиялық актіде ресми жазылған, алдын-ала ойларында қаналды пайдалануды басқаруда барлық елдер тең праволы болуы көзделген. Құрылыстың қожасы концессия аяқталғанға дейін негізгі капиталы 200 миллион алтын франк, 400 мың акциясы бар халықаралық акционерлік компания болады. Әкімшілік советі алғашқыда өртүрлі ұлттардың 32 өкілінен

летке протектураттық одан әрі сақтау мүмкін емес екендігіне көзі жетіп, оған бірсыпыра жеңілдіктер беруді ұйғарды. 1936 жылы ағылшын-египет доғоворы жасалды, оған сай Египет қағаз жүзінде ғана мемлекеттік суверенитет алды. Формальді түрде елді ағылшын әскерлерінің оккупациялауы тоқталған жоқ, бірақ соның өзінде бұл әскерлер (доғовор бойынша — 10 мың адам жау әскер мен соғыс-өзе күштері, оған 400 ұшқыш кіреді) Суэц каналы аймағында «оны қорғау» үшін қалдырылған деп есептелді. Англия самолеттері Египеттің барлық жерінің үстімен ұшу правосын сақтап қалды. Англия Египетте сонымен қатар басқа бірсыпыра ерекше праволар алды. Екі жақ өзара одақ құрды, басқа елдермен жанжал туа қалған күнде кеңесуге, соғыс және «халықаралық төтенше жағдайлар» бола қалған күнде өзара көмектесуге міндеттенді. бұл жағдайда Египет мұндай оқылғалар бола қалған күнде «өзінің қарамағындағы барлық мүмкіншіліктер мен көмекті» Англияға беруге міндеттеме алды.

Дүниежүзілік екінші соғыс аяқталғаннан кейін барлық отар және тәуелді елдердегі сияқты Египетте де ұлт-азаттық қозғалысы күшейді. Бұл қозғалыстың алға қойған мақсаты — ең алдымен 1936 жылғы тең праволы емес ағылшын-египет доғоворын бұзу болды. Екі үкмет арасында қайтадан келіссөздер басталды, бірақ бұл келіссөздер сәтсіз жүргізілді. Ал, осы кезде елдегі жағдайдың шиеленіскендігі сонша, 1951 жылы халықтың ашу-ызасы ағылшын оккупациялық әскерлерімен партизан соғысына ұласты. Бірақ Египеттің башы топтары бұқараның ұлт-азаттық қозғалысының кең өріс алғанынан қорқып, бұл қозғалысты басу, қозғалыстың өріс алмауына жету үшін барлық шараны қолданды. Елде әскери диктатура жарияланды (жуықта Египет республика болып жарияланды).

Бұдан бірнеше ай бұрын екі үкмет-

Т У З Е Т У

Газетіміздің осы жылғы 7 августағы номерінің 2-бетіндегі жарияланған Қ. Қанафин жолдасының «Егін жыйнау және астық дайындау жұмысына партия басшылығын жақсарту береміз» деген мақаласының адресін «Октябрь ауданы,

Ленин атындағы колхоз бастауыш партия ұйымының секретары» деп және 14 августағы номерінің 1-бетіндегі «Темір-жолшылардың серті» деген мақаланың алғашқы сөйлемін «8 август күні Жоғарғы Совет, сессиясында» деп бастап

байланысты бұл маңыздылық едәуір кеміген. Мысалы, Американың «Юнайтед Стейтс Ньюс энд Уорлд рипорт» журналы бұл жөнінде былай деп жазды: «Каналдың өзінің соғыс кезіндегі маңыздылығы — талас мәселе. Каналда суға батқан бір темес жүрісті ұзақ уақытқа тоқтатып тастауы мүмкін». Журнал мойнақтың стратегиялық маңызы туралы басқаша пікірде, оның бұл пікірін шетел баспасөзінің барлық органдары қолдауда. «Суэц мойнағы, — деп жазды журнал, — өте маңызды. Мұнда болып отырған ағылшын базасы Батыстың қолындағы Солтүстік-Атлантика пактысына қатысушы елдердің жерінен тыс жердегі ең бағалы соғыс құрылысы болып табылады».

Осы журнал Суэцтегі Англия соғыс базасы туралы кейбір мәліметтер келтірді. Базаның негізгі ауданының ұзындығы 65 миль, ені 3 миль. База Суэц пен Порт — Саидтың аралығындағы орта жолда каналдың батыс жағалауын бойлай орналасқан. Мұнда оқ дәрінің, жанармайдың, неше түрлі қару-жараттың орасан көп қоры жыйнақталған. База сонымен қатар аса ірі соғыс мастерскойы болып табылады. Бұл базаның мүмкіншіліктерін мына факты көрсетеді. 1951 жылы күзде египеттіктер оккупанттарға қарсы партизан соғысын өрістеткенде, ондағы гарнизонның саны ұшқыштарды есептемегеннің өзінде 34 мың адам болды. Ағылшындар көп ұзамай өзе жолы арқылы тек қана өзін-өзі қорғау құралымен қаруланған екі дивизия ғана жеткізді. Бірнеше сағаттан кейін олар танктерді, жүк машиналары мен артиллерияны қоса толық қару-жарақ алды және соғыс әрекеттеріне әзір болды. Дүниежүзілік екінші соғыс кезінде Суэц базасы 15 дивизияны — 250 мың адамды жабдықтаудың негізгі көзі болды.

...Англия-Египет келіссөздері тоқтады. Бірақ египет халқы ағылшын әскерлерінің Суэц аймағынан сөзсіз өкелілуін талап етуде.

И. АРТЕМОВ.

одан әрі текст бойынша оқуды газет оқушылардан сұраймыз.

Редактордың орынбасары
Г. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТАҒЫЛАР»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТИМУР ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМАНДАСЫ»

Сеанстар сағат 12-2-де басталады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.